# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
# Ш Е Ш І М

2024 жылғы 14 қараша №4360-24-00-2/2803 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Қ.М.Бержанов,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электронды форматтағы азаматтық істі қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
«Қызылорда облысы әкімі аппаратының «Қызылорда облысы әкімдігінің іс басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

**ЖАУАПКЕР**:
«MANSUR-TRID» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:**
1.Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2.Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**
АПК-нің 267-4, 223-226-баптарын басшылыққа алып,сот

**ШЕШІМ ЕТТІ**:
Талап қоюшы «Қызылорда облысы әкімі аппаратының «Қызылорда облысы әкімдігінің іс басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «MANSUR-TRID» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы толық қанағаттандырылсын.

Жауапкер «MANSUR-TRID» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «MANSUR-TRID» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына тұрақсыздық айыбы 2 399 (екі мың үш жүз тоқсан тоғыз) теңге және сот шығыны мемлекеттік баж алым сомасы 1 917 (бір мың тоғыз жүз он жеті) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 14.11.2024
Заңды күшіне енген күні: 24.12.2024, судья Бержанов К. М., 24.12.2024
4360-24-3-1/2933

хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

**Судья** **Қ.М.Бержанов**

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 14.11.2024

Заңды күшіне енген күні: 24.12.2024, судья Бержанов К. М., 24.12.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
МИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Судопроизводство